

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау, нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың сараптау актісін беру туралы Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 4 желтоқсандағы N 399 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 26 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2100. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 26 қыркүйектегі № 11-03/472 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.09.26 № 11-03/472 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, БҰҰЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған, мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың сараптау актісін беру туралы Ережесі бекітілсін.

2. Ветеринариялық департаментіне (Мыңжанов М.Т.), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық, аумақтық басқармаларымен, Астана және Алматы қалалары, бірлесе отырып, заңнамада белгіленген тәртіпте, осы бұйрықтан туындайтын керекті шаралар қабылдансын.

3. Осы бұйрық, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің*

орынбасары - Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Ауыл шаруашылығы министрінің
4 желтоқсан 2002 жылғы
N 399 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың сараптау актісін беру туралы Ережесі

1. Жалпы ереже

1. Осы Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижесінде ветеринариялық зертханалар сараптау актісін беру туралы Ережесі (әрі қарай - Ереже) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңы бойынша жасалған және ветеринариялық лабораториялармен, ветеринариялық-санитариялық сараптау жүргізетін лабораториялар орындаулары міндетті болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі 1996 жылғы 2 қазанда бекіткен "Ветеринария саласы бойынша нормативті құқықтық және басқа да актілерді бекіту" туралы қаулысындағы жануарлардың, аса қауіпті ауруларының тізбесіне енген (әрі қарай - Тізбе) ауруларды диагностикалау кезіндегі сараптау актісін, тек қана мемлекеттік ветеринариялық зертханалар бере алады. см. P030407

3. Ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханалары ветеринариялық-санитариялық сараптау жасауға келіп түскен материалда Тізбедегі аса қауіпті жануарлар ауруларының барына күдіктенгенде, ол туралы, сол аумақтың ветеринариялық инспекторына хабарлайды:

- 1) Әрі қарай диагностикалау үшін, сараптау актісіне алғашқы диагнозын жазып, оны мемлекеттік ветеринариялық зертханаға жолдайды;
- 2) ветеринариялық инспектор сараптау актісі негізінде тиісті шараларды қолданады.

2. Осы Ережеде қолданылған негізгі ұғымдар

4. Осы Ережеде мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) сараптау актісі - мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілер диагностикасының немесе ветеринариялық-санитариялық сараптамасының нәтижелері бойынша ветеринария саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ветеринариялық зертханалар беретін, олардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдардың талаптарына сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ оларды пайдалануға ұсынатын құжат;
- 2) ветеринариялық-санитариялық сараптама - жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкес келуін

ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен органолептикалық, биохимиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, уыттық және радиологиялық зерттеулер кешені арқылы тексеру;

3) ауруларды диагностикалау - әртүрлі тәсілдермен және техникалық құралдармен зерттеулер негізінде аурулардың белгілерін анықтау;

4) зерттелетін материал - ауруларды диагностикалауға және ветеринариялық-санитариялық сараптау жасауға мемлекеттік ветеринариялық бақылау жүктерінен алынатын сынамалар;

5) бақылау материалдары - бақылау зерттеулерін жүргізуге арналған кешенді диагностикалық және аналитикалық препараттар;

6) ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасы - базарларда және (немесе) басқа орындарда өткізілетін жануарлардан алынатын өнімдерге ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаның мамандандырылған бөлімшесі;

7) мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктер - жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, ветеринариялық препараттар, ж е м ш ө п , ж е м ш ө п , қ о с п а л а р ы ;

8) жануарлардан алынатын өнімдер - тиісінше өңделмей тамаққа пайдаланылмайтын ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері, балық және балық өнімдері, жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері, сондай-ақ бал ара ш а р у а ш ы л ы ғ ы н ы ң ө н і м д е р і ;

9) жануарлардан алынатын шикізат - жануарлардан алынатын, жануарларды азықтандыруға арналған және (немесе) өнеркәсіпте пайдаланылатын тері, жүн, түк, қыл, бағалы аң терісі, түбіт, мамық, қауырсын, эндокриндік бездер, ішек-қарын, қан, сүйек, мүйіз, тұяқ және басқа өнімдер;

10) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - өз өкілеттілігі шегінде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекеттік орган.

3. Сараптау актісін жасау тәртібі

5. Жануарлардың ауруын диагностикалағанда микроскопиялық, бактериологиялық, биологиялық, вирусологиялық, микрологиялық, серологиялық, биохимиялық, химико-токсикологиялық және радиологиялық зерттеулер қорытындысы негізінде сараптау актісі жасалынады.

6. Егер келіп түскен материалдар бірнеше бөлімдерде зерттелсе, онда әр бөлім алынған нәтижелер бойынша кезекаралық сараптау актісін жасайды:

1) Кезекаралық сараптау актісі зерттеу жетекшісіне беріледі;

2) зерттеу жетекшісі кезекаралық сараптау актісі негізінде жалпы қортынды

сараптау актісін 2 қосымшаға сәйкес жасайды.

7. Серологиялық және биохимиялық зерттеулер нәтижесінің сараптама актісіне қоса қан алынған жануарлардың тізімінің бір данасын қоса береді.

8. Жануарлардан алынған өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптау өткізгенде органолептикалық, биохимиялық, микроскопиялық, паразитологиялық, уыттық және радиобиологиялық зерттеулер негізінде сараптау актісі жасалады.

9. Сараптау актісінде келесілер көрсетіледі:

1) материалдың келіп түскен күні;

2) серіктестірілу құжатының тіркеу нөмірі;

3) аталуы (патологиялық материал, қан, қан сарысуы, жемшөп, жемшөп қоспалары, жануарлардан алынған өнім мен шикізаты және басқалар) және сипаттамасы (салқындатылған, қатырылған, сұйық, құрғақ және басқадай);

4) жүктің жалпы саны, алынған сынамалардың саны;

5) өндіруші ел, өндірілген уақыты және қолдану мерзімі;

6) зерттеу кезінде пайдаланылатын бақылау материалдары (диагностикумдардың аталуы, жасаушы, шығарылған айы, күні, жарамды уақыты) ;

7) зерттеу түрлері мен зерттеудің барысы (органолептикалық, микроскоптық, бактериологиялық, биологиялық және басқада);

8) зерттеудің қортындысы (алынған микробтың немесе паразиттің түрі, қанның биохимиялық зерттеуінің нәтижесі және басқада);

9) зерттеу объектісінің ары қарай пайдалануға/пайдаланбауға, сай/сай еместері туралы, анықталған диагнозы.

10. Әр-түрлі сиямен және қолмен (қол қойғаннан басқа), сондай-ақ қателері түзетілген, қолсыз немесе мөрсіз, барлық керекті мәліметтері көрсетілмеген, сонымен қатар берілген айы, күні көрсетілмеген сараптау актілері жарамсыз болып есептеледі.

4. Сараптау актісін беру тәртібі

11. Сараптау актісі, зерттеуге жіберген материалдардың иесі заңды немесе жеке тұлғаға беріледі.

11-1. Қазақстан Республикасы аумағына/аумағынан тамақ өнімдерін әкелгенде (импорттағанда) және әкеткенде (экспорттағанда) ветеринариялық-санитариялық сараптау жасау мен сараптау актісін беру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 19 ақпандағы N 92 бұйрығымен.

12. Белгіленген (Қосымша 1) нысан бойынша, сараптама актісін зерттеудің жетекшісі рәсімдеп, бөлім меңгерушісі мен зерттеуді жүргізген ветеринариялық маманмен бірге қол қояды.

13. Сараптау актісіне, зерттеу жүргізілген мекеменің мөрімен куәландырылады.

14. Сараптау актісін беру кезінде, оған реттік нөмірі мен берілген айы, күні жазылып сараптау актісін беру журналына тіркейді.

15. Сараптау актісін екі дана қылып ресімделеді, біреуі зерттелетін материалдың иесі заңды немесе жеке тұлғаға беріледі, ал екіншісі зертханада сақталады.

16. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ветеринариялық зертханалар, сонымен қатар ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханалары беретін сараптау актілері мынандай мерзімге жарамды:

шектеусіз - ауруларды диагностикалағанда;

шектеулі - мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бақылауындағы жүктерді ветеринариялық-санитариялық сараптаудан өткізгенде, олардың қолдану мерзімдері сақтаудың, өткізудің және тасымалдаудың шарттарының ветеринариялық нормативтерге сәйкестігіне байланысты көрсетіледі.

17. Экспортқа/импортқа жататын өнімге, Халықаралық стандарттың талаптары бойынша (ИСО), зерттеудің жетекшісі, бас зерттеуші және сапаға кепілдік беру бөлімінің ветеринариялық маман-инспекторы қолдары қойылған қорытынды есеп жасалынады және оны зерттеу жүргізген мекеменің мөрімен куәландырылады.

18. Қортынды сараптау актісі үш данада толтырылып, оның біріншісін ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті органдардың облыстық аумақтық бөлімдеріне, екіншісі - заңды немесе жеке тұлғаға беріледі, үшіншісі - ветеринариялық зертханада сақталады.

5. Жауаптылық

19. Сараптау актісіндегі мәліметтер дұрыс болмаған жағдайда оған жауапты тұлға, Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес жауапты.

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитариялық сараптау, нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың сараптау актісін беру туралы Ережесіне 1-қосымша

Ветеринарларлық
зертхананың
мөртабаны

мекен-жайы _____

Кімге _____
заңды тұлғаның аталуы жеке тұлғаның
аты, жөні, материалдың иесінің аты-жөні

Сараптау актісі N _____

Материалдың/өнімнің жеткізілген айы, күні " ____ " _____ 200__ ж.

Ветеринариялық зертхананың серіктестірілген құжаттарды тіркеу нөмірі _____

Материалдың аталуы және сипаттамасы _____

Жүктің жалпы саны _____ сынама алынды _____
шт. тонн. лит. шт.

Өндірген ел, өндірілген уақыты, сақталу мерзімі _____

Қолданған бақылау материалдары (диагностикумдар) _____

Тексерудің тәсілдері және орындау барысы:

Сараптаудың қорытындысы: _____

Тұжырым _____

Сараптама актісі берілген айы, күні " ____ " _____ 200__ ж.

Сараптама актісінің жарамды мерзімі " ____ " _____ 200__ ж.

Ветеринариялық зертхананың жетекшісі _____
аты-жөні, қолы

Бөлім менгерушісі _____
аты-жөні, қолы

Орындаушы, ветеринариялық маман _____
аты-жөні, қолы

